

Кәсіптік стандарт: «Сот-биологиялық (медициналық) сараптама, медициналық-криминалистикалық сараптама, сот-жалпысараптамалық сараптама, сот-психиатриялық сараптама және сот-наркологиялық сараптама бойынша кәсіби стандарт»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес "Сот-медициналық сараптамасы" кәсіптік стандарты әзірленді, сот-сараптама қызметі саласындағы сот сарапшысының біліктілік, құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындауға арналған.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

2) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;

3) жазба – қол жеткізілген нәтижелер туралы мәліметтерді қамтитын құжат немесе жүзеге асырылған қызметтің расталуы (верификацияның, ескертуші және түзетуші әрекеттердің жүргізілуінің куәлігін ұсыну және қадағалауын рәсімдеу үшін);

4) медициналық-криминалистикалық сараптама объектілері – шығу көзі адамның денесі және оның органдары болып табылатын, сараптаманы тағайындаған адам ұсынатын заттай дәлелдемелер мен биологиялық объектілер, басқа бөлімшелердің сот-медициналық сарапшылары жіберетін заттай дәлелдемелер мен биологиялық объектілер;

5) медициналық-криминалистикалық сараптама мәні – жалпы сот медицинасы саласындағы білімдерден басқа, криминалистикалық сәйкестендіру саласындағы арнайы ғылыми танымды және зерттеудің әртүрлі арнайы зертханалық әдістерін (физикалық, фотографиялық, техникалық, химиялық, математикалық) қолдануды талап ететін фактілерді анықтау және бағалау;

6) сот-биологиялық (медициналық) сараптама объектілері – қан, сперматозоидтар, тер, сілекей, эпителий жасушалары, қынаптық секрециялар, адамның зәрі және т. б. түзген заттай дәлелдемелердегі биологиялық шығу тегі объектілері мен іздері;

7) сот-биологиялық сараптамасының мәні – заттай дәлелдемелердегі шығу көзі қаннан, шәуеттен, терден, сілекейден, эпителий жасушаларынан, қынаптық бөліністерден, несептен түзілген шығу тегі биологиялық объектілер мен іздерді олардың түрлік және топтық тиесілігін айқындау мақсатында зерттеу болып табылады;

8) сот-жалпы сараптамалық зерттеу объектілері – мәйіт, мәйітпен бірге жеткізілген киім мен заттар, тірі адамдар, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істің сараптама мәніне жататын материалдары: оқиға орнын қарау хаттамасы, үлгілерді алу хаттамасы, мәйітті зерттеу хаттамалары және қойылған мәселелерді шешу үшін маңызы болуы мүмкін басқа да материалдар, заттай дәлелдемелер, медициналық құжаттама;

9) сот-жалпы сараптамалық зерттеудің мәні – адамның мәйітін, тірі адамдарды, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істің материалдарын, заттай дәлелдемелерді, медициналық құжаттаманы зерттеу болып табылады;

10) сот-психиатриялық сараптамасының мәні – қылмыстық, азаматтық істі не әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі шешу үшін маңызы бар, оған қатысты сараптама тағайындалған адамның психикалық жай-күйі туралы нақты деректер (психикалық процестердің (психикалық қызметтің) барысы мен құрылымының заңдылықтары мен ерекшеліктерін зерттеу);

11) сот-психиатриялық сараптамасының объектілері – адам психикасының жай-күйі, медициналық құжаттар, сондай-ақ сот психиатриялық сараптамасының мәніне жататын сот сараптамасы жүргізілетін іс материалдарындағы мәліметтер;

12) сот-наркологиялық сараптамасының мәні – адамның психикасын зерттеу арқылы нақты деректерді анықтау (психикалық бұзылулардың және нашақорлық пен алкоголизмнен мәжбүрлеп емдеуді қолдануды немесе қолданбауды ұсыну үшін психобелсенді заттарды қолданумен байланысты мінез-құлық бұзылыстарының болуын немесе болмауын анықтау);

13) сот-наркологиялық сараптамасының объектілері – адам психикасының жай-күйі, медициналық құжаттар, сондай-ақ сот наркологиялық сараптамасының мәніне жататын сот сараптамасы жүргізілетін іс материалдарындағы мәліметтер.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) БА – Біліктілік анықтамалығы;

2) БТБА – Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

3) СБШ – Салалық біліктілік шеңбері;

4) ЭҚЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы мемлекеттік жіктеуіші.

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Сот-биологиялық (медициналық) сараптама, медициналық-

криминалистикалық сараптама, сот-жалпысараптамалық сараптама, сот-психиатриялық сараптама және сот-наркологиялық сараптама бойынша кәсіби стандарт

5. Кәсіптік стандарттың коды: Q86900072

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

Q Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер

86 Денсаулық сақтау саласындағы қызмет

86.9 Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызмет

86.90 Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызмет

86.90.0 Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызмет

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: осы стандарт сот сараптамаларын (зерттеулерін) жүргізу құқығына біліктілік куәлігі бар биологиялық, жалпы сараптамалық, медициналық-криминалистикалық бағыттағы сот-медициналық сарапшылардың, сот-наркологиялық сарапшылардың, сот-психиатриялық сарапшылардың біліктілік және құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды, сондай-ақ орта медициналық персоналдың (медбике / аға, лаборант), сот сараптамасы органының кіші медициналық персоналы (санитар) біліктілік және құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды белгілейді.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

4) Дәрігер-сот-медициналық сарапшысы - 6 СБШ-нің деңгейі

6) Зертханашы (сот-медициналық сараптама саласындағы) - 5 СБШ-нің деңгейі

7) Дәрігер-сот-медициналық сарапшы - 6 СБШ-нің деңгейі

8) Зертханашы (сот-медициналық сараптама саласындағы) - 5 СБШ-нің деңгейі

9) Дәрігер-сот-медициналық сарапшы - 6 СБШ-нің деңгейі

10) "Мейірбике" (сот-медициналық сараптама саласындағы) - 5 СБШ-нің деңгейі

11) Санитар (сот-медициналық сараптама саласындағы) - 2 СБШ-нің деңгейі

12) Дәрігер - сот-психиатриялық сарапшы - 6 СБШ-нің деңгейі

13) "Мейірбике" (сот-медициналық сараптама саласындағы) - 5 СБШ-нің деңгейі

14) Дәрігер - сот- наркологиялық сарапшы - 6 СБШ-нің деңгейі

15) "Мейірбике" (сот-медициналық сараптама саласындағы) - 5 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

12. Кәсіптің карточкасы «Дәрігер-сот-медициналық сарапшысы »:			
Топтың коды:	2216-5		
Қызмет атауының коды:	2216-5-001		
Кәсіптің атауы:	Дәрігер-сот-медициналық сарапшысы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Белгіленбеген		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Денсаулық сақтау	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Осы біліктілік бойынша алдыңғы жұмыс тәжірибесі талап етілмейді		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Қажет етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2611-7-002 - Сот сарапшысы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Биологиялық (медициналық) сараптаманы жүргізу саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының заманауи қажеттіліктеріне жауап беретін және қызметкерлердің біліміне, машығына, дағдыларына және жеке құзыреттеріне қойылатын тиісті талаптарды жүйелі және құрылымдық жағынан сипаттау		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Сот-биологиялық (медициналық) сараптамаларын/зерттеулерін жүргізу 2. Сараптамалар тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл	

	Қосымша еңбек функциялары:	1. Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмысқа қатысу
Еңбек функциясы 1: Сот-биологиялық (медициналық) сараптамаларын/зерттеулерін жүргізу	Дағды 1: Қанның сот-биологиялық (медициналық) сараптамасын/зерттеуін жүргізу	Машықтар:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Сот-сараптамалық зерттеудің мәнін, объектісін және міндеттерін айқындау. 2. Сот сараптамасының объектілерін олардың ерекшеліктерін ескере отырып сипаттау. 3. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемелерін және/немесе әдістерін таңдау. 4. Мемлекеттік тізілімге енгізілген әдістеме арқылы қанның болуын анықтау. 5. Мемлекеттік тізілімге енгізілген әдістеме арқылы қанның түрлік тиесілігін анықтау. 6. Мемлекеттік тізілімге енгізілген әдістеме арқылы қанның топтық тиесілігін анықтау. 7. Сот-сараптамалық зерттеудің барысы мен нәтижелерін көрсететін сарапшының қорытындысын ресімдеу.
		Білімдер:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемелері және/немесе әдістері. 2. Өлшеу нәтижелерінің белгісіздігін бағалаудың жалпы ережелері. 3. Сараптамалық зерттеулер нәтижелерінің дұрыстығы мен объективтілігі дәрежесін бағалаудың ғылыми негізделген тәсілдері мен критерийлері. 4. Сот-сараптамалық зерттеу барысында алынған деректерді түсіндірудің тәртібі мен ережелері. 5. Зерттеу нәтижелерін есептеу, талдау, бағалау және өңдеу жазбаларын жүргізу тәртібі. 6. Ішкі еңбек тәртібінің, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария тәртібі, өрт қауіпсіздігі талаптары.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
	Дағды 2: Бөліністің сот-биологиялық (медициналық) сараптамасын/зерттеуін жүргізу	Машықтар:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Сот-сараптамалық зерттеудің мәнін, объектісін және міндеттерін айқындау. 2. Сот сараптамасының объектілерін олардың ерекшеліктерін ескере отырып сипаттау. 3. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемелері және/немесе әдістерін таңдау. 4. Мемлекеттік тізілімге енгізілген әдістеме арқылы шәуеттің болуын анықтау. 5. Мемлекеттік тізілімге енгізілген әдістеме арқылы сілекейдің болуын анықтау. 6. Мемлекеттік тізілімге енгізілген әдістеме арқылы тердің болуын анықтау. 7. Мемлекеттік тізілімге енгізілген әдістеме арқылы зәрдің болуын анықтау. 8. Мемлекеттік тізілімге енгізілген әдістеме арқылы шәуеттің топтық тиесілігін айқындау. 9. Мемлекеттік тізілімге енгізілген әдістеме арқылы тердің топтық тиесілігін айқындау. 10. Мемлекеттік тізілімге енгізілген әдістеме арқылы зәрдің топтық байланысын анықтау. 11. Мемлекеттік тізілімге енгізілген әдістеме арқылы сілекейдің топтық тиесілігін анықтау. 12. Сот-сараптамалық зерттеудің барысы мен нәтижелерін көрсететін сарапшының қорытындысын ресімдеу.

	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемелері және/немесе әдістері. 2. Өлшеу нәтижелерінің белгісіздігін бағалаудың жалпы ережелері. 3. Сараптамалық зерттеулер нәтижелерінің дұрыстығы мен объективтілігі дәрежесін бағалаудың ғылыми негізделген тәсілдері мен критерийлері. 4. Сот-сараптамалық зерттеу барысында алынған деректерді түсіндірудің тәртібі мен ережелері. 5. Зерттеу нәтижелерін есептеу, талдау, бағалау және өңдеу жазбаларын жүргізу тәртібі.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Дағды 3: Шаштың сот-биологиялық (медициналық) сараптамасын/зерттеуін жүргізу	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемесіне және/немесе әдісіне сәйкес шаштың сынамалық дайындығын жүргізу. 2. Шаштың морфологиялық қасиеттерін сипаттау (пішіні, түсі, реңі, ұзындығы, перифериялық және тамыр ұштары). 3. Шашқа микроскопиялық зерттеу жүргізу (қабықтық зат, өзек, пигмент, пигментофорлар, кутикула және т.б.). 4. Шашқа салыстырмалы зерттеу жүргізу (тиістілігі, ерекшеліктері, зақымдануы, аурулары). 5. Мемлекеттік тізілімге енгізілген әдістеме арқылы шаштың топтық тиесілігін анықтау. 6. Сот-сараптамалық зерттеудің барысы мен нәтижелерін көрсететін сарапшының қорытындысын ресімдеу. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемелері және/немесе әдістері. 2. Өлшеу нәтижелерінің белгісіздігін бағалаудың жалпы ережелері. 3. Сараптамалық зерттеулер нәтижелерінің дұрыстығы мен объективтілігі дәрежесін бағалаудың ғылыми негізделген тәсілдері мен критерийлері. 4. Сот-сараптамалық зерттеу барысында алынған деректерді түсіндірудің тәртібі мен ережелері. 5. Зерттеу нәтижелерін есептеу, талдау, бағалау және өңдеу жазбаларын жүргізу тәртібі.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Дағды 4: Жасушалардың, сүйектердің, тістердің, тіндердің сот-биологиялық (медициналық) сараптамасын/зерттеуін жүргізу	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сот-сараптамалық зерттеудің мәнін, объектісін және міндеттерін айқындау. 2. Сот сараптамасының объектілерін олардың ерекшеліктерін ескере отырып сипаттау. 3. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемелері және/немесе әдістерін таңдау. 4. Мемлекеттік тізілімге енгізілген әдістеме арқылы эпителийдің болуын анықтау. 5. Мемлекеттік тізілімге енгізілген әдістеме арқылы сүйектердің, тістердің топтық тиесілігін анықтау. 6. Мемлекеттік тізілімге енгізілген әдістеме арқылы органның тіндік тиесілігін айқындау. 7. Объектілерге цитологиялық зерттеу жүргізу. 8. Объектінің жыныстық тиесілігін анықтау. 9. Сот-сараптамалық зерттеудің барысы мен нәтижелерін көрсететін сарапшының қорытындысын ресімдеу.

		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемелері және/немесе әдістері. 2. Өлшеу нәтижелерінің белгісіздігін бағалаудың жалпы ережелері. 3. Сараптамалық зерттеулер нәтижелерінің дұрыстығы мен объективтілігі дәрежесін бағалаудың ғылыми негізделген тәсілдері мен критерийлері. 4. Сот-сараптамалық зерттеу барысында алынған деректерді түсіндірудің тәртібі мен ережелері. 5. Зерттеу нәтижелерін есептеу, талдау, бағалау және өңдеу жазбаларын жүргізу тәртібі. 	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
Еңбек функциясы 2: Сараптамалар тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл	Дағды 1: Сот сараптамаларын жүргізуді тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сот сараптамасын жүргізуге арналған шығыстардың сметасын жасау. 2. Сараптаманы тағайындаған органға сараптама жүргізуге байланысты шеккен шығыстар туралы есепті ұсыну. 3. Өз құзыреті шегінде процестік әрекеттерге маман/сарапшы ретінде қатысу. 4. Сараптамалық қателіктер жіберуге ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау мақсатында сараптамалық практиканы талдап қорытуды жүргізу, сондай-ақ сараптамалық қателіктердің алдын алуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу. 	
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері. 2. Сараптама құнын есептеу бойынша тарифтер мен әдістер. 3. Сот сарапшысының процестік іс-әрекеттерге маман ретінде қатысу нысандары. 4. Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерін әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізудің негізгі қағидаттары. 	
		Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
		Дағды 2: Сараптама тағайындайтын органдардың қызметкерлеріне консультация беру	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптамалар тағайындайтын органдардың қызметкерлері үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына қатысу. 2. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптамалар тағайындайтын органдардың қызметкерлері үшін семинарлар өткізу. 3. Технологиялардың қазіргі деңгейін ескере отырып, сот-биологиялық (медициналық) сараптамасының/зерттеуінің ағымдағы жай-күйі мен даму перспективаларын зерделеу және талдау. 4. Деректерді жинау, талдау және жүйелеу.

		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері. 2. Сот экспертологиясы және криминалистика негіздері. 3. Қылмыстық және азаматтық істер, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша материалдарды дайындау және ұсыну ерекшеліктері. 4. Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерін әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізудің негізгі қағидаттары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
<p>Қосымша еңбек функциясы 1: Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмысқа қатысу</p>	<p>Дағды 1: Сот сараптамасы саласындағы ғылыми қызметке қатысу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Технологиялардың, ғылыми әзірлемелердің заманауи деңгейін ескере отырып, сот-биологиялық(медициналық) сараптамасының /зерттеуінің ағымдағы жай-күйі мен даму перспективаларын зерделеу және талдау. 2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін ұсыныстар мен техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу. 3. Ғылыми зерттеу нәтижелерінің техникалық және экономикалық әсерін негіздеу. 4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды және өткізуді жоспарлау. 5. Деректерді жинау, талдау және жүйелеуді жүзеге асыру. 6. Зерттеу жұмыстарының жоспарларын ағымдағы және қорытынды бақылауды, бағалауды және түзетуді жүзеге асыру. 7. Сынау мен өлшеудің тиісті әдістері мен әдістемелерін қолдану. 8. Ғылыми зерттеулер барысында жүргізілген сынақтардың нәтижелерін талдау. 9. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ресімдеу. 10. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін, техникалық шешімдерді, ғылыми зерттеулердің әзірлемелерін әзірлеуге, сынақтан өткізуге, валидациялауға және енгізуге қатысу. 11. Орындалған жұмыстың, ғылыми зерттеулердің және/немесе ғылыми-техникалық әзірлемелердің нәтижелері бойынша есептер дайындау; 12. Мақалалар, монографиялар, әдістемелік ұсыныстар мен нұсқаулықтар дайындауға қатысу 13. Жарияланымдар мен ғылыми әзірлемелерге рецензия жүргізу. 14. Сараптамалық қателіктер жіберуге ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау мақсатында сараптамалық практиканы талдап қорытуды жүргізу, сондай-ақ сараптамалық қателіктердің алдын алуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу.

	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер. 2. Сот сараптамасы саласындағы отандық және шетелдік ғылым мен технологияның заманауи жетістіктері. 3. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу немесе ғылыми-техникалық әзірлемелерді орындау әдіснамасы. 4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының мазмұны мен нәтижелерін ресімдеуге қойылатын үлгілік талаптар. 5. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізудің негізгі қағидаттары. 6. Ғылыми зерттеулер жүргізу немесе ғылыми-техникалық әзірлемелерді орындау бойынша әдістемелік материалдар.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Дағды 2: Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысу	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сот-сараптама қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қолданыстағы заңнамаға, реттеу мақсаттарына, енгізілетін нормалардың тиімділігі мен олардың салдарларына сәйкестігіне талдау жасау. 2. Сот-сараптама қызметін нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдіру, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу немесе қайта қарау, жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөнінде ұсыныстар қалыптастыру. 3. Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу. 4. Сараптамалық қателіктер жіберуге ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау мақсатында сараптамалық практиканы талдап қорытуды жүргізу, сондай-ақ сараптамалық қателіктердің алдын алуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер. 2. "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 3. Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, қабылдау, өзгерістер енгізу, сондай-ақ ресімдеуге қойылатын талаптар тәртібі. 4. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізудің негізгі қағидаттары.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды

	<p>Дағды 3: Сот сарапшыларын кәсіптік даярлауға, олардың біліктілігін арттыруға қатысу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) жүргізу құқығына біліктілік куәлігін алуға, сот сарапшыларының біліктілігін арттыруға үміткерлерді дайындауға қатысу. 2. Сот сарапшыларын даярлау, біліктілігін арттыру курстарына оқытушы, дайындық жетекшісі ретінде қатысу. 3. Кадрларды даярлаудың, біліктілікті арттырудың перспективалық және ағымдағы жоспарларын әзірлеуге қатысу. 4. Оқу-әдістемелік құжаттаманы, оқыту және бақылау құралдарын әзірлеуге қатысу. 5. Кәсіптік оқыту мен біліктілікті арттырудың нысандары мен әдістерін жетілдіруге қатысу. 6. Оқыту нәтижелерінің көрсеткіштерін және оның тиімділігін талдауды жүзеге асыру. 	
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер. 2. Оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеудің негізгі принциптері мен тәртібі. 3. Дәрістер, семинарлар мен практикалық сабақтар жоспарларын құру тәртібі. 4. Оқыту теориясы мен әдістемесінің негіздері. 5. Сот сарапшыларын даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелері бойынша әдістемелік материалдар. 6. Сот сарапшыларын даярлаудың, біліктілігін арттырудың нысандары, түрлері, әдістері мен құралдары. 	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	<p>Қарым-қатынас Эмпатия, эмоциональнй интеллект Көшбасшылық Тәлімгерлік Ынтымақтастық және топтық жұмыс Жүйелік және аналитикалық ойлау Ұйымдастыру дағдылары Стрессті басқару Өзін-өзі ұйымдастыру және уақытты тиімді басқару Кәсіби этика Сапаға ұмтылу</p>		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Техникалық реттеу объектісі болып табылмайды		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	6	Дәрігер сот-медициналық сарапшы/бөлім (бөлімше) басшысы	
14. Кәсіптің карточкасы «Зертханашы (сот-медициналық сараптама саласындағы)»:			
Топтың коды:	2269-9		
Қызмет атауының коды:	-		
Кәсіптің атауы:	Зертханашы (сот-медициналық сараптама саласындағы)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Белгіленбеген Зертханашы (биологиялық бағытындағы)		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Зертханалық технология	Біліктілік:

Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Қажет етілмейді	
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Талап етілмейді	
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Биологиялық (медициналық) сараптаманы жүргізу саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының заманауи қажеттіліктеріне жауап беретін және қызметкерлердің біліміне, машығына, дағдыларына және жеке құзыреттеріне қойылатын тиісті талаптарды жүйелі және құрылымдық жағынан сипаттау	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Сот-биологиялық (медициналық) сараптамасын/зерттеуін жүргізу кезіндегі орта медициналық персоналдың қызметі 2. Сот-биологиялық (медициналық) сараптамасын/зерттеуін жүргізу кезінде объектілермен жұмыс істеудегі орта медициналық персоналдың қосалқы қызмет
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Сот-биологиялық (медициналық) сараптамасын/зерттеуін жүргізу кезіндегі орта медициналық персоналдың қызметі	Дағды 1: Сот-биологиялық (медициналық) сараптамасын/зерттеулерін жүргізуге қатысуы	Машықтар:
		1. Сарапшының бақылауымен сот-сараптамалық зерттеу әдістемесіне және/немесе әдісіне сәйкес сынақ дайындауға қатысу. 2. Сарапшының бақылауымен сот-биологиялық (медициналық) сараптамаларын/зерттеулерін жүргізу кезінде стандартты операциялық рәсімдерді орындау (сот сараптамалары/зерттеулері объектілерін (оның ішінде мәйіттен шыққан) бөліктерге бөлу), жұмыс ерітінділерін дайындау, тестілік зерттеулер жүргізу және т.б.). 3. Контамицияға қарсы іс-шараларды сақтай отырып, зертхананың жұмыс аймақтарындағы жұмысты бөлу мен ерекшеліктері ережелеріне сәйкес материалдық объектілердің орнын ауыстыруды және тасымалдауды жүргізу. 4. Сот сараптамасы/зерттеуі объектілерін (оның ішінде мәйіттен шыққан) және ілеспе құжаттарды орналастыру.

		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сот-биологиялық сараптамаларды жүргізу жөніндегі қағидалар. 2. Адам физиологиясы мен анатомиясының негіздері. 3. Сот-биологиялық сараптамалар (зерттеулер) жүргізу кезінде зертханалық және аспаптық зерттеулер жүргізу әдістемелері. 4. Қан топтары туралы жалпы мәліметтер. 5. Қан алу әдісі. 6. Биологиялық шығу тегінің іздерін зерттеу әдістері. 7. Сот-биологиялық зерттеу жүргізу негіздері. 8. Ерітінділердің концентрациясын білдіру тәсілдері, ерітінділердің құрамын қайта есептеу, ерітінділер мен басқа заттарды сұйылту және араластыру кезінде белгіленетін мөлшерлік қатынастар. 9. Қолданылатын реактивтердің қасиеттері және оларға қойылатын талаптар. 10. Тесттік зерттеулер, стандартты зерттеулер жүргізу әдістемесі. 11. Сараптама/зерттеу жүргізу үшін берілген биологиялық объектілердің (оның ішінде мәйіттен шыққан) физикалық-химиялық, химиялық, технологиялық және микробиологиялық сипаттамалары. 12. Зертханалық жабдықты пайдалану және оның жұмысын есепке алу ережесі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	<p>Дағды 2: Сот-биологиялық (медициналық) сараптамасын/зерттеулерін жүргізудегі қосалқы қызмет</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өз құзыреті шегінде құжаттама мен жазбаларды жүргізу. 2. Қарамағындағы кіші медициналық персоналдың қызметін ұйымдастыру. 3. Қосалқы зертханалық жабдықтардың (тоңазытқыштар, мұздатқыш камералар, термостаттар, бактерицидтік қондырғылар) жұмыс қабілеттілігіне мониторинг жүргізу. 4. Қолданыстағы нұсқаулықтарға сәйкес қосалқы жабдықтардың (тоңазытқыштар, мұздатқыш камералар, термостаттар, бактерицидтік қондырғылар) жұмысын есепке алу журналдарын жүргізу. 5. Зертханашілік сапаны бақылау іс-шараларын жүргізу кезіндегі оқиғалар, ауытқулар және өзгерістер туралы сарапшыларды хабардар ету. 6. Қарамағындағы кіші медициналық персоналдың лауазымдық міндеттерін орындауын бақылауды жүзеге асыру. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Еңбек заңнамасының негіздері, ішкі еңбек тәртібінің ережелері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт және санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік талаптары. 2. Құжаттау, мұрағаттау ережелері. 3. Ішкі нормативтік құжаттар, функционалдық міндеттері. 4. Контамияға қарсы іс-шараларды сақтай отырып, жұмыстарды жүргізу тәртібі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Сот-биологиялық (медициналық) сараптамасын/зерттеуін жүргізу кезінде объектілермен жұмыс істеудегі орта медициналық		

персоналдың қосалқы қызмет	<p>Дағды 1: Сот-биологиялық (медициналық) сараптамасын/зерттеуін жүргізу кезінде объектілермен жұмыс істеуге орта медициналық персоналдың қатысуы</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Құзыреті шегінде зерттеуге түсетін сот сараптамасы (зерттеуі) объектілерін қабылдауға, тіркеуге, таңбалауға және олардың сақталуын қамтамасыз етуге қатысу. 2. Сот сараптамалары/зерттеулері объектілерін (оның ішінде мәйіттен шыққан) және ілеспе құжаттаманы сақтауға орналастыру. 3. Биологиялық жұқтырған (ықтимал жұқтырған) (оның ішінде мәйіттен шыққан) объектілермен жұмыстар жүргізу. 4. Сараптама (зерттеу) тағайындаған адамға беру үшін сараптама объектілерін дайындау (буып-түю, таңбалау).
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сараптама/зерттеу жүргізу үшін ұсынылған объектілерді іріктеу, буып-түю, таңбалау және ресімдеу тәртібі. 2. Контамицияға қарсы іс-шараларды сақтай отырып, жұмыстарды жүргізу тәртібі. 3. Үлгілерді іріктеу және сақтау кезінде зерттеу процесінде пайдаланылатын жабдықтар мен өлшеу құралдарының сипаттамалары, сондай-ақ оларды пайдалану ережелері. 4. Қауіптілік сыныбына сәйкес қалдықтармен жұмыс істеу тәртібі. 5. Сараптама/зерттеу жүргізу үшін пайдаланылатын реактивтер мен ерітінділерді сақтау шарттарының, жарамдылық мерзімдерінің тәртібі. 6. Зертханашілік сапаны бақылауды жүргізу тәртібі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	<p>Дағды 2: Сот-биологиялық (медициналық) сараптамасын/зерттеуін жүргізу кезінде объектілермен жұмыс істеудегі орта медициналық персоналдың қосалқы қызметі</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Контамицияға қарсы іс-шараларды сақтай отырып, зертхананың жұмыс аймақтарындағы жұмыстың ерекшеліктері мен бөліну ережелеріне сәйкес материалдық объектілердің орнын ауыстыруды және тасымалдауды жүргізу. 2. Сараптама/зерттеу жүргізу үшін пайдаланылатын реактивтер мен ерітінділерді сақтау шарттарын, жарамдылық мерзімдерін бақылау. 3. Қауіптілік сыныбына сәйкес қалдықтарды жинау және уақытша сақтау, көдеге жаратуға дайындау процесіне қатысу. 4. Денсаулыққа ықтимал қауіпті жабдықтармен және заттармен жұмыс істеу кезінде техника қауіпсіздігі нормаларын, сондай-ақ санитарлық-гигиеналық режим мен эпидемиологиялық қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтау.
	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Санитариялық-гигиеналық режим және эпидемиологиялық қауіпсіздік нормалары (қорғаныш киімін пайдалану, жұқтырған (ықтимал жұқтырған) объектілермен жұмыс істеу, дезинфекциялау құралдарының жұмыс ерітінділерін дайындау). 2. Ішкі еңбек тәртібінің, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария ережелері, өрт қауіпсіздігі талаптары. 3. Зерттеу процесінде, үлгілерді іріктеу және сақтау кезінде пайдаланылатын жабдықтар мен өлшеу құралдарының сипаттамалары, сондай-ақ оларды пайдалану ережелері. 4. Зертханашілік сапаны бақылауды жүргізу тәртібі. 	
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	

Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Кәсіби міндеттерді өз бетінше шешу Білім алу Тәртіп Стреске төзімділік Командалық жұмыс Физикалық және психоэмоционалды тұрақтылық		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Техникалық реттеу объектісі болып табылмайды		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	6	Дәрігер-сот-медициналық сарапшы	
15. Кәсіптің карточкасы «Дәрігер-сот-медициналық сарапшы »:			
Топтың коды:	2216-5		
Қызмет атауының коды:	2216-5-001		
Кәсіптің атауы:	Дәрігер-сот-медициналық сарапшы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Белгіленбеген Дәрігер-сот-медициналық сарапшы (медициналық-криминалистикалық бағытындағы)		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Денсаулық сақтау	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Осы біліктілік бойынша алдыңғы жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Талап етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2611-7-002 - Сот сарапшысы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Медициналық-криминалистикалық сараптамасын/зерттеуін жүргізу саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының заманауи қажеттіліктеріне жауап беретін және қызметкерлердің біліміне, машығына, дағдыларына және жеке құзыреттеріне қойылатын тиісті талаптарды жүйелі және құрылымдық жағынан сипаттау		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Медициналық-криминалистикалық сараптамалар/зерттеулер жүргізу 2. Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл жасау	
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмысқа қатысу	
Еңбек функциясы 1: Медициналық-криминалистикалық сараптамалар/зерттеулер жүргізу			

<p>Дағды 1: Медициналық-криминалистикалық трасологиялық сараптамаларын/зерттеулерін жүргізу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өткір және доғал заттардың адам киімімен және денесімен механикалық өзара әрекеттесуі нәтижесінде пайда болған жарақаттарды, адам ағзасына енгізу іздерін және олардың шығу тегі бойынша киімдегі ұқсас іздерді зерттеу. 2. Материалдардың заттары мен бөлшектерінің бір өзара әрекеттесетін бетінен екіншісіне ауысуын, сондай-ақ дене жарақатына әкелетін химиялық, термиялық және өзге де факторлардың әсерін анықтау. 3. Іздер мен олардың пайда болу процестерінің бейнелеу қасиеттерін қылмыстық іс материалдары мен медициналық құжаттардағы ауызша-сөйлеу, графикалық, фотографиялық, рентгенографиялық, математикалық және басқа модельдер түрінде құжаттау. 4. Жарақаттың болжамды құралдарын (тексерілетін объектілерді) және олардың іздерін әртүрлі модельдерде көрсетуді зерттеу. 5. Объектілердің ұсынылған үлгілері мен сараптама барысында эксперименталды түрде алынған объектілерді зерттеу. 6. Сот-сараптамалық зерттеу барысы мен нәтижелерін көрсететін сарапшының қорытындысын ресімдеу. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Адам денесіндегі зақымдану іздерінің түрі, механизмі және олардың қалыптасу шарттары. 2. Жарақат құралдарының қасиеттері және оларды ұқсастыру әдістері (тәсілдері). 3. Медициналық-криминалистикалық трасологиялық сараптамалар/зерттеулер объектілерін табудың, шегендеудің және зерттеудің ғылыми-техникалық тәсілдерін білу. 4. Медициналық-криминалистикалық трасологиялық зерттеулердің әдістемелері және/немесе әдістері, медициналық-криминалистикалық сараптама (зерттеу) саласындағы отандық және шетелдік жетістіктер. 5. Ішкі еңбек тәртібінің, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың, өндірістік санитарияның тәртібі, өрт қауіпсіздігі талаптары.
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Ұсынылмайды</p>

<p>Дағды 2: Медициналық-криминалистикалық баллистикалық сараптамалар/зерттеулер</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Адам денесінің атыс жарақаттарын және олармен байланысты бірыңғай механизмімен пайда болған киімнің атыс жарақаттарын, атыс жарақатын келтіру процесінде туындайтын дене мен киімдегі өзге де іздерді, сондай-ақ атыс снарядтарын, олардың денеден және киімнен алынған бөліктерін зерттеу. 2. Адамның денесінде және киімінде атыс жарақаттарының және олармен байланысты іздердің қасиеттерін ауызша-сөйлеу, графикалық, фотографиялық, рентгенографиялық, математикалық және басқа да модельдер түрінде қылмыстық іс материалдары мен медициналық құжаттарда бекіту. 3. Атыс қаруының қасиеттерін атыс жарақатын келтірудің болжамды құралы ретінде, оқ-дәрілердің үлгілерін және әртүрлі модельдерде көрсету. 4. Зерттеуге ұсынылған және сараптама барысында эксперименталды түрде алынған атыс жарақаты динамикасының объективті модельдері түрінде зерттелетін атыс жарақаттарының пайда болу процестерінің және олармен бірге жүретін іздердің картасын құжаттау. 5. Жарылыс жарақаты нәтижесінде пайда болған адам денесінің зақымдануын және оларға байланысты киімнің зақымдануының бірыңғай механизмімен, жарылыстың зақымдану процесінде пайда болған денедегі және киімдегі өзге де іздерді, оларды бейнелеуді және жарылғыш құрылғылардың немесе олардың құрамдас бөліктерінің үлгілерін зерттеу. 6. Оны орындау барысында эксперименталды түрде ұсынылған және (немесе) алынған сараптама объектілерін зерттеу. 7. Таңдау сот-сараптамалық зерттеу әдістемелері және/немесе әдістері. 8. Сот-сараптамалық зерттеу барысы мен нәтижелерін көрсететін сарапшының қорытындысын ресімдеу.
	<p>Білімдер:</p>
	<ol style="list-style-type: none"> 1. Сот-сараптамалық зерттеудің әдістемелері және/немесе әдістері, медициналық-криминалистикалық сараптама (зерттеу) саласындағы отандық және шетелдік жетістіктер. 2. Атыс қаруының снарядпен, жарылғыш құрылғының зақымдағыш факторларымен зақымдану белгілері. 3. Зақымданудың санын және ату ретін анықтайтын белгілер. 4. Кірген және шыққан зақымдану белгілері. 5. Жара арналарының бағытын, атыс қашықтығын, атыс қаруы мен оқ-дәрілердің түрі мен ерекшеліктерін, атыс зақымы келтірілген сәттегі жәбірленуші денесінің жағдайы мен қалпын анықтау белгілері. 6. Бөгет арқылы және снарядтың рикошетінен кейін зақым келтірудің, ату бағытының, сондай-ақ жарылыс жарақаты кезінде дене мен киімдегі зақымның пайда болу механизмі мен шарттарының белгілері, жарылғыш құрылғылардың белгілі бір сипаттамалары.
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Ұсынылмайды</p>

<p>Дағды 3: Жеке басын ұқсастыру бойынша медициналық-криминалистикалық сараптамаларын/зерттеулерін жүргізу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәйіт қалдықтарының түрлік тиесілігін, олар тиесілі болған мәйіттердің санын анықтау. 2. Сүйек қалдықтары бойынша нәсілдік, жыныстық, жасының тиесіліктерін, тірі кезіндегі өсуі мен дененің басқа да өлшемдерін анықтау. 3. Болған аурулардың, дене жарақаттарының белгілерін, олардың сипаты мен ескіру мерзімін анықтау. 4. Танылмаған мәйіт қалдықтарының жеке басын анықтау үшін қажетті ауызша портреттің белгілері мен басқа да жеке ерекшеліктерін салыстыру. 5. Сот-сараптамалық зерттеудің барысы мен нәтижелерін көрсететін сарапшының қорытындысын ресімдеу. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Адам анатомиясы. 2. Жеке тұлғаны ұқсастыруды сот-сараптамалық зерттеудің әдістемелері және/немесе әдістері. 3. Медициналық-криминалистикалық сараптама (зерттеу) саласындағы отандық және шетелдік жетістіктері. 4. Медициналық-криминалистикалық трассологиялық сараптамасы/зерттеуі объектілерін анықтаудың, тіркеудің және зерттеудің ғылыми-техникалық тәсілдерін білу.
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
<p>Дағды 4: Медициналық-криминалистикалық микрологиялық сараптамалар/зерттеулер</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Киімде бөгде дене микрообъектілерінің болуын анықтау. 2. Дене тіндерінде бөгде дене микрообъектілерінің болуын анықтау 3. Мәйіттің денесінде жіне дене жарақаттарында бөгде дене микрообъектілерінің болуын анықтау. 4. Заттар мен микрообъектілердің жарақат құралынан киім мен денеге және керісінше тасымалдау (енгізу) фактісін анықтау. 5. Сот-сараптамалық зерттеудің барысы мен нәтижелерін көрсететін сарапшының қорытындысын ресімдеу. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дене жарақаттарының пайда болу механизмдері. 2. Денелердің өзара әрекеттесуінің физикалық процестері. 3. Денелердің өзара әрекеттесуінің химиялық процестері. 4. Сот-сараптамалық зерттеудің әдістемелері және/немесе әдістері. 5. Медициналық-криминалистикалық сараптама (зерттеу) саласындағы отандық және шетелдік жетістіктері.
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Ұсынылмайды</p>

	<p>Дағды 5: Оқиғаларды реконструкциялаудың медициналық-криминалистикалық сараптамаларын (ситуациялық сараптамаларды) жүргізу.</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тергеу және сараптамалық әрекеттер арқылы алынған оқиғалар динамикасы туралы объективті деректерді талдау. 2. Объективті деректерді талдау нәтижелерін ескере отырып, эксперименттік зерттеулерді (әрбір тексерілетін нұсқа бойынша бөлек) орындау. 3. Эксперименттік деректерге салыстырмалы зерттеуді жүргізу. 4. Салыстырудың алынған нәтижелеріне бағалау жүргізу. 5. Сот-сараптамалық зерттеудің барысы мен нәтижелерін көрсететін сарапшының қорытындысын ресімдеу. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бөлек, салыстырмалы, эксперименттік, аналитикалық зерттеу әдістері. 2. Объектілердің статикасы мен динамикасының заңдылықтарын көрсететін механиканың негізгі физикалық заңдары. 3. Сот-сараптамалық зерттеудің әдістемелері және/немесе әдістері. 4. Медициналық-криминалистикалық сараптама (зерттеу) саласындағы отандық және шетелдік жетістіктері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
<p>Еңбек функциясы 2: Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл жасау</p>	<p>Дағды 1: Сот сараптамаларын жүргізуді тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл жасау</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сот сараптамасын жүргізуге арналған шығыстардың сметасын жасау. 2. Сараптаманы тағайындаған органға сараптама жүргізуге байланысты шеккен шығыстар туралы есепті ұсыну. 3. Өз құзыреті шегінде процестік әрекеттерге маман/сарапшы ретінде қатысу. 4. Сараптамалық қателіктер жіберуге ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау мақсатында сараптамалық практиканы талдап қорытуды жүргізу. 5. Сараптамалық қателіктердің алдын алуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері. 2. Сараптама құнын есептеу бойынша тарифтері. 3. Сараптама құнын есептеу бойынша әдістер. 4. Сот сарапшысының процестік іс-әрекеттерге маман ретінде қатысу нысандары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды

<p>Дағды 2: Сараптама тағайындайтын органдардың қызметкерлеріне консультация беру</p>	<p>Машықтар:</p>
	<ol style="list-style-type: none"> 1. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдардың қызметкерлері үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына қатысу. 2. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдардың қызметкерлері үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына қатысу. 3. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдардың қызметкерлері үшін семинарлар өткізу. 4. Сараптамалық қателіктер жіберуге ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау мақсатында сараптамалық практиканы талдап қорытуды жүргізу. 5. Сараптамалық қателіктердің алдын алуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу.
	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері. 2. Сот сараптамасы негіздері. 3. Криминалистика негіздері. 4. Қылмыстық және азаматтық істер, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша материалдарды дайындау және ұсыну ерекшеліктері.
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
<p>Қосымша еңбек функциясы 1: Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмысқа қатысу</p>	

<p>Дағды 1: Сот сараптамасы саласындағы ғылыми қызметке қатысу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Технологиялардың, ғылыми әзірлемелердің заманауи деңгейін ескере отырып, медициналық-криминалистикалық сараптаманың/зерттеудің ағымдағы жай-күйі мен даму перспективаларын зерделеу және талдау. 2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін ұсыныстар мен техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу. 3. Ғылыми зерттеу нәтижелерінің техникалық және экономикалық әсерін негіздеу. 4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды және өткізуді жоспарлау. 5. Деректерді жинау, талдау және жүйелеу. 6. Зерттеу жұмыстарының жоспарларын ағымдағы және қорытынды бақылауды, бағалауды және түзетуді жүзеге асыру. 7. Сынау мен өлшеудің тиісті әдістері мен әдістемелерін қолдану. 8. Ғылыми зерттеулер барысында жүргізілген сынақтардың нәтижелерін талдау. 9. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ресімдеу. 10. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін, техникалық шешімдерді, ғылыми зерттеулердің әзірлемелерін әзірлеуге, сынақтан өткізуге, валидациялауға және енгізуге қатысу. 11. Орындалған жұмыстың, ғылыми зерттеулердің және/немесе ғылыми-техникалық әзірлемелердің нәтижелері бойынша есептер дайындау. 12. Мақалалар, монографиялар, әдістемелік ұсыныстар мен нұсқаулықтар дайындауға қатысу. 13. Жарияланымдар мен ғылыми әзірлемелерге рецензия жүргізу. 14. Сараптамалық қателіктер жіберуге ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау мақсатында сараптамалық практиканы талдап қорытуды жүргізу, сондай-ақ сараптамалық қателіктердің алдын алуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу.
	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер. 2. Сот сараптамасы саласындағы отандық және шетелдік ғылым мен технологияның заманауи жетістіктері. 3. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу немесе ғылыми-техникалық әзірлемелерді орындау әдістемесі. 4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының мазмұны мен нәтижелерін ресімдеуге қойылатын үлгілік талаптар. 5. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізудің негізгі қағидаттары. 6. Ғылыми зерттеулер жүргізу немесе ғылыми-техникалық әзірлемелерді орындау бойынша әдістемелік материалдар.
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Ұсынылмайды</p>

